

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭНЕРГЕТИКА
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ЭНЕРГЕТИКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ. 19, «А» блогы
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра 19, блок «А»
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» ҚДП
фракциясының депутаттары
С. С. Ерубаяевқа
А. Т. Перуашевқа
Е. Х. Барлыбаяевқа
Б. С. Дүйсенбиновқа
А. Р. Әбілдаевқа
Д. М. Еспаеваға
А. Қ. Жұмабаеваға
Қ. Ж. Исаға
А. Г. Линникке
Е. Қ. Өмірғалиге
М. Б. Раманқұловқа
Ғ. Б. Хамзинге**

*2021 жылғы 6 қазандағы
№ ДС-295 сауалына*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) 2021 жылғы 6 қазандағы № ДС-295 сауалдарыңызды қарастырып, мынаны хабарлайды.

Бензин және дизель шығара алатын жеке меншік кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсету мәселесі бойынша

Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттары (бұдан әрі – МӨЗ) мұнай өнімдерін «Автомобиль және авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынға және мазутқа қойылатын талаптар туралы» Кеден одағының техникалық регламентіне КО ТР 013/2011, мемлекетаралық стандарттарға (МЕМСТ) және Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына (ҚР СТ) қатаң сәйкестікте өндіретінін хабарлаймыз.

ҚР МӨЗ-дерін жаңғыртуды аяқтау зауыттарға К4 және К5 жоғары экологиялық сыныптағы мұнай өнімдерін өндіруге мүмкіндік берді.

Бүгінгі күні елімізде жұмыс істеп тұрған шағын МӨЗ саны 40-қа жуық.

Шағын МӨЗ-дерде мұнай өнімдерін өндіру негізінен мұнайды бастапқы айдау процестеріне негізделеді. Өндірілетін өнім К-4, К-5 мотор отындарының экологиялық сыныбына сәйкес келмейді немесе жартылай фабрикаттар болып табылады. Мұның себебі – бензин мен дизель отынын (күкірт, азот және оттегі қосылыстарынан гидротазалау) жақсарту және терең өңдеу процестерінің болмауы.

Шағын МӨЗ-дерге мұнай өнімдерін өндірудің К-2 экологиялық сыныбынан К-4, К-5-ке ауысуы үшін бензинді гидротазарту, дизель отынын гидротазарту, керосинді гидротазарту, каталитикалық риформинг қондырғысы және осы процестердің лицензиарларын (AXENS, UOP, HALDOR TOPSOE және басқа да әлемдік компаниялар) тарта отырып, изомерлеу қондырғысы сияқты мұнайды қайта өңдеудің қайталама процестерінің технологиялық қондырғыларын салу қажет. Мысалы, аталған лицензиаттардың технологиялары «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ) және «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-да пайдаланылады.

Сондай-ақ жаңадан салынған технологиялық қондырғылардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін салқындатқыш сумен, бумен, ауамен, азотпен және реагенттермен қамтамасыз етуді қамтитын жалпы зауыттық шаруашылық объектілерін салу қажет.

Осылайша, шағын МӨЗ өнімдерін КО ТР мен МЕМСТ стандартында талап етілетін деңгейге дейін келтіру үшін МӨЗ тарапынан айтарлықтай шығындар, үлкен қаржы салып, шағын МӨЗ үшін тұрақты шикізатты қамтамасыз ету мәселелерін шешу қажеттілігіне әкелетінін хабарлаймыз.

Дизель отынының тапшылығында және оның қымбаттауында картельдік сөз байласу фактілері, сондай-ақ нарық тетігінің ықпалы қаншалықты, ал қаншасы заңсыз монополияның ойындарына негізделгенін тексеруді ұйымдастыру бойынша

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) туралы ереженің 1-тармағына сәйкес (Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 428 Жарлығы) Агенттік бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу, мемлекеттік монополия, сондай-ақ тауар биржаларының қызметін бақылау және лицензиялау салаларында басшылықты жүзеге асырады.

Агенттік белгіленген құзырет шеңберінде бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу белгілерін анықтау және монополияға қарсы ден қою шараларын қабылдау мақсатында тауар нарықтарындағы бағаларға мониторингті жүзеге асырады.

Осыған байланысты Сіздің сұрағыңызда аталған мәселе Министрліктің құзыретіне кірмейді.

**Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы**

М. Жөребеков



БҰЙРЫҚ

10.11.21ж № 517-ж

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

город Нур-Султан

Міндеттерді жүктеу туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

2021 жылғы 10-11 қараша аралығында іссапарда болуыма байланысты Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндеттерін атқару Қазақстан Республикасының Энергетика бірінші вице-министрі Мурат Утемисович Журебековке жүктелсін.

Министр

М. Мырзағалиев



Көшінісі ұярас